

Б.Н. НАУКЕНОВА,¹

Э.Ф.К., доцент.

А.А. ПЯГАЙ,¹

Э.Ф.Д., профессор.

«Туран-Астана» университеті¹

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚҚА МҮШЕ ЕЛДЕРМЕН САУДА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

Андатпа

Бұл зерттеудің мақсаты агроөнеркәсіптік кешенде ЕАЭО мүше-елдерінің бірлескен интеграциялық саясатын дамыту бойынша негізгі ұсыныстарды әзірлеу болып табылады. Бәсекелестік деңгейі жоғары тауарлар бойынша ауыл шаруашылығы өндірісі ахуалына талдау жүргізілді, сондай-ақ тауар нарығында бәсекелестік деңгейі жоғары ауыл шаруашылығы тауарлары бойынша келісілген экспорттық саясат тетігі әзірленіп, ұсынымдар беріледі. Мақалада авторлар экспорттық ағындарды оңтайландыру үшін негізгі тауарлық позицияларының сыныптауышына сәйкес ЕАЭО мүше елдердің экспорттық әлеуетіне өзіндік бағалау жүргізді. ЕАЭО құрылғанына 5 жыл болса да, интеграцияға қатысушылар арасында шешімге келу үшін жеткілікті ұзақ уақытты талап етуші бірқатар күрделі мәселелер бар. Одаққа қатысушы елдер арасындағы негізгі қайшылықтар саяси құрамдастың бір бөлігіне айналған экономикалық мақсаттылыққа байланысты қалыптасуда. Авторлардың пікірінше, интеграциялық үдерістердің ғылыми негіздемесі өзара сауда мен экономикалық ынтымақтастықтың өзге де салаларындағы кедергілерді алып тастауға ынталандырады, ЕАЭО елдерінің ауыл шаруашылығын технологиялық жаңғыртуға әкеледі, ауыл шаруашылығы өндірушілерінің кірістілігін арттырады, ауылдың әлеуметтік саласының дамуына қуатты серпін береді және одақтың барлық қатысушыларына азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Тірек сөздер: интеграциялық үдеріс, экспорттық әлеует, агроөнеркәсіптік кешен, ауылшаруашылық өнім, бәсекелестік, өзара сауда, азық-түлік қауіпсіздігі, әлеуметтік сала.

2014 жылдың соңында Қазақстанның елордасы Астана қаласында «Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) туралы келісім-шарт» пен «Агроөнеркәсіптік кешеннің негізгі салаларындағы мүше-мемлекеттердің келісілген саясатының тұжырымдамасына» қол қойылды [1]. Алайда, ағымдағы жағдай көрсетіп отырғандай, бұл ережелер толыққанды бәсекелестік ортаны қалыптастыра алмады және агроөнімнің тиімді ортақ нарығын құруға ықпалын тигізбеді.

Осы кезеңде ресурстарды тиімді пайдалану және импорттық агроөнімдерді жергілікті өнімдерге алмастыру үшін ЕАЭО-ның барлық қатысушылары үшін аграрлық салада неғұрлым терең экономикалық интеграция қажет деп ойлаймыз.

Осыған байланысты, біздің зерттеуіміздің мақсаты агроөнеркәсіптік кешенде ЕАЭО мүше-елдердің бірлескен интеграциялық саясатын дамыту бойынша негізгі ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешу көзделеді:

- ♦ ұдайы өндіру процесі, салааралық кооперация, ішкі нарықты сапалы азық-түлік өнімдерінің қажеттілігімен толықтыру, импорттық тауарларды отандық өндіріс өнімдеріне алмастыру, экспорт мәселелерін қоса алғанда, бәсекелестік деңгейі жоғары тауарлар бойынша ауыл шаруашылығы өндірісінің ахуалына талдау жүргізу;

- ♦ тауар нарығында бәсекелестік деңгейі жоғары ауыл шаруашылығы тауарлары бойынша келісілген экспорттық саясат тетігін әзірлеу және ұсынымдар беру.

Қазақстаннан ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі экспорттық нарықтары – бұл ТМД мемлекеттері, бірінші кезекте Орталық Азия мемлекеттері: Өзбекстан мен Тәжікстан. Бұл елдермен сауданың елеулі үлесін республиканың экспорттық операцияларының басты баптары – бидай, бидай ұны алады.

ЕАЭО бойынша Қазақстанның серіктестері: Ресей және Қырғызстанмен ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерінің сәйкестігі бойынша ішкі өткізу нарығы үшін күшті бәсекелестік жоқ, олардың арасындағы негізгі қайшылықтар – бұл сыртқы өткізу нарықтары үшін бәсекелестік [2].

Әлемнің басқа елдерімен ауыл шаруашылығы өнімдерін саудасына қатысты Орталық Шығыс елдеріне (Ауғанстан және Иран) басымдылық беріледі. Бұл аймақ қазақстандық бидай ұнының едәуір көлемін тұтынады [3].

Экспорттық операцияларда экспорттық әлеуеті өте жоғары болып табылатын бидайға ерекше мән беріледі. 2012–2017 жж. кезеңінде бидай астығын экспорттық жеткізу көлемінің ұлғаюы байқалды, орташа жылдық өсу қарқыны 8,9% құрады. Біздің пікірімізше, ауыл шаруашылығы дақылдарының бұл түрін өндіру көлемі экспортты 5,3 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді [4].

ТМД елдерінің арасында Қазақстан алдағы уақытта да Таяу Шығыс және Орталық Азия елдеріне астық дақылдарының негізгі жеткізуші болады деп болжаймыз (кесте 1). Бұл, ең алдымен, осы елдер халқының тұрақты өсу динамикасына байланысты, сонымен қатар болашақта да осы елдердің қазақстандық астыққа деген сұранысы тек артып отырады деген сенімділікке мүмкіндік береді.

Кесте 1 – 2025 жылға арналған Қазақстандағы ауыл шаруашылық тауарлық өнімдері экспортының болжамы

Өнім түрлері	Экспорт, мың т	
	Өсімдік шаруашылығы өнімдері	
	барлығы	оның ішінде ЕАЭО
Астық	5300	500
Бидай ұны	2500	500
Күріш	50	27
Көкөністер	100	70
	Мал шаруашылығы өнімдері	
Сыыр еті	70	30
Қой еті	10	–
Шошқа еті	10	10
Ескертпе – Авторлар мәліметтері бойынша жасалған [5].		

Біздің болжамдарымыз бойынша, таяу болашақта Қазақстан астығының тарихи сатып алушылары ретінде тек Ауғанстан мен Иран арасында ғана өзара қарым-қатынас сақталады, ал Түркияға экспорт керісінше қысқарады. Бұл қазақстандық жеткізушілермен салыстырғандағы жеткізілетін өнімнің бағасы бойынша да, көлемі бойынша да бәсекелестік артықшылықтары жоғары Ресей астығын жеткізудің ұлғаюына байланысты.

Қазақстандық экспорттаушыларды, өсу келешегі жоғары тез өсіп келе жатқан Қытай нарығына бағдарлау қажет деп санаймыз. Осыған орай, тек 2017 жылда ғана Қазақстан 281,2 мың тонна бидай экспорттады, бұл 2016 жылға қарағанда 2,2 есе көп. 2019 жылдың Астық жөніндегі халықаралық кеңестің деректері бойынша Қытай жыл сайын 3-тен 8 млн тоннаға дейін астық импорттайды. Үкіметтік деңгейде Қытаймен азық-түлік тауарларының саудасы саласындағы екіжақты қатынастарды дамыту Қазақстанның сыртқы саясатының басым стратегиясы болады. Бұл саясаттың нәтижесінде 2017 ж. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ҚХР-ның сапаны қадағалау, инспекция және карантин бас басқармасы арасында Қазақстаннан Қытайға бидайдың экспорттық партияларына қойылатын фитосанитарлық талаптар жөніндегі хаттамаға қол қойылды [6]. Осы құжатқа сәйкес инспекциялау, карантин және экспорт бидайының сапасы туралы сертификат беру рәсімдері үшін Қазақстан тарабына барлық жауапкершілік жүктеледі.

Көріп отырғанымыздай, қазіргі уақытта ЕАЭО-ның мемлекетаралық мамандандырылуын дамыту жағдайында Қазақстан еуразиялық кеңістік елдерінің тауар нарықтарына қатты бидай жеткізілімін арттыра алады. 2019 жылдың Еуразиялық экономикалық комиссияның (ЕЭК) деректері бойынша Ресейдің астық нарығындағы сұраныс құрылымында қазақстандық (99,9%-ға дейін) қатты бидай үлесінің басымдылығы байқалады, оның ерекшелігі дән желімшесінің жоғары болуы есебінен жоғары нан пісіру сапасында. Қазақстанда өндірілетін қатты бидайдың 80%-дан астамы дән желімшесі құрамы 25%-дан төмен емес 1-сыныпқа жатады. Қазақстандық

қатты бидайдың жағдайы Қырғызстан нарығында да тұрақты болып табылады. Тек 2017 ж. қырғызстандық нарықта қазақстандық бидай көлемі 244,3 мың тоннаны құрады, бұл 2012 ж. көрсеткішпен салыстырғанда 2,5 есе артық. Жақын болашақта, республикамыз ЕАЭО-ның қалыптасып отырған нарығында өнімнің бұл түрін жеткізуге мамандандырылға ел ретінде айтарлықтай тауашаға ие болады деген үміттеміз.

Жыл сайын бидай ұнының экспорты артып келеді, отандық өндірістің өсуі нарықтағы, әсіресе сыртқы нарықта, артып келе жатқан сұранысты қамтамасыз етуде. 2025 жылға қарай өндіріс көлемі 4514 мың теңгені (ұнның ішкі тұтынуын қысқарту есебінен), ал ұнның экспорты 2500 мың теңгені құрайды.

Ұнның негізгі тауар ағындары алыс шет елдерге бағдарланатын болады, өйткені қазақстандық тауар өндірушілері үшін осы мемлекеттермен сауда қатынастары анағұрлым тиімді болып қала береді. Тек 2012–2017 жж. аралығында ғана экспортқа ұн жеткізілімінің өсімі 1,3 есеге немесе 1901,6-дан 2391,3 мың тоннаға дейін артқанын анықтадық.

Келешекте ТМД елдерімен, әсіресе Өзбекстан, Тәжікстан елдерімен, соңғы жылдары ұн экспортының көлемінде үлкен ауытқулардың сақталуына байланысты, сауда әлсірейтін болады. Сонымен, егер 2012 ж. Қазақстаннан Өзбекстанға бидай ұнын жеткізу 1098,6 мың тонна болса, 2018 ж. бұл көрсеткіш 760,6 мың тоннаны құрады. Бидайға қатысты ұнға деген басымдылықтың төмендеуінің негізгі себебі астықты ұнға өңдеу технологиясының қарапайымдылығына байланысты Орталық Азия мемлекеттері – Өзбекстан, Тәжікстан және Түркіменстан өздерінде диірмен өндірісін дамыта бастады және осы кезде өз өнімдеріне бағдар жасай бастады. Бірақ, сонымен бірге өз астығының сапасының төмендігіне байланысты бұл мемлекеттер жоғары сапалы қазақстандық астықты сатып алатын болады.

Қазақстанның ЕАЭО елдерімен өзара әрекет әлсірейді деп болжаймыз, өйткені Қазақстаннан Ресей тарапынан бидай ұнына тұтынушылық сұраныс жоқ. Беларусь, Ресеймен одақтас мемлекет шеңберіндегі дамуында, оның есебінен осы тауарға деген сұраныс орнын толтырады. Қырғызстан болса, 2018 ж. Қазақстан астығының импортына ҚҚС-ның нөлдік мөлшерлемесі есебінен ұн экспортын 100,0 мың теңгеге төмендетті, қазір бұл көрсеткіш 22,0 мың тоннаны құрайды.

Қазақстан үшін, бір жағынан, қазақстандық ұнды өткізудің жаңа нарықтарын игеруі қажет, әсіресе оның таныс емес жерлерде, екінші жағынан, экспортталатын өнімнің сапасын жоғарылату есебінен бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажет деп есептейміз. Өндірілетін өнімнің сапасы мен көлеміне қойылатын бағаның әлемдік конъюнктурасы көрсетіп отырғандай, отандық ұнды өткізудің әлеуетті нарықтары Таяу Шығыс елдері (Иран, Ирак, Сирия, БАӘ), сондай-ақ Азия елдері (Үндістан, Қытай, Моңғолия) бола алар еді. Қазақстандық ұнды өткізудің перспективалық бағыты аграрлық азық-түлік өнімдерін импорттаушы Солтүстік Африканың Ангола, Ливия, Судан сияқты негізгі елдер болуы мүмкін. Осы бағыттар жақын болашақта басымдылыққа айналуы тиіс деп санаймыз.

Экспорт үшін тағы бір басымдылық бағыт көкөніс өнімдерін сыртқы нарықтарға жылжыту болу керек.

Соңғы бес жылда республика бойынша ресурстарының артықшылығы байқалатын көкөніс тауарларын сыртқы нарыққа бағыттау мүмкіндігі бар. Біздің бағалауымыз бойынша, ең аз мөлшерде түйінді пияз 40 мың теңгеге, сәбіз 35 мың теңгеге, қызанақ 60 мың теңгеге, қырыққабат 100 мың теңгеге дейін экспорттық мүмкіндіктері жетеді. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «АӨК экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ҒЗИ» 2025 жылға арналған болжамы бойынша түйінді пияздың өндірісі, ішкі тұтынуды ескергенде, шамамен 954,3 мың теңгені құрайды және экспорт үшін 60 мың теңгеге дейін мөлшері қалады.

Қазақстанның еуразиялық кеңістігі шеңберінде одақтың басқа мүшелері алдында көкөніс өндіруде бәсекелестік артықшылықтары бар және негізінен ресейлік нарыққа бағдарланған, алайда экспорттың бұл бағыты бұл өнімдерге деген төмен тауарлық көлемімен шектелуде.

Ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының тағы бір маңызды бағыты ірі қара мал еті болып табылады. Алайда, статистика көрсеткендей, сиыр етін өндіру тек ішкі нарықты етпен

қамтамасыз етуге бағытталған, ал экспорттық әлеуеттің сыртқы нарықтарға деген мүмкіндіктері пайдаланылмайды.

Әлемдегі етке деген сұраныстың жоғары екендігін атап өтуге болады, яғни оның импорты 25 млн тоннадан асады, оның ішінде сиыр еті әлемдік ет саудасының 32%-ын құрайды. Бұл жағдай Қазақстанда осы өнімнің экспортын жедел дамыту үшін әлеует туғызады. Сонымен қатар, өндірісінің төмен шығындарына қарамастан мұздатылған ет түсетін басқа елдермен салыстырғанда қазақстандық ет жоғары тұтыну қасиеттерімен (мәрмәр сиыр еті) сипатталады.

Сондықтан Қазақстан үшін ет тұтынушылығының жылдық сұранысы 1,5 млн тоннаға дейінгі көрсеткішті құрайтын Қытай нарығы перспективалы болып табылады, сондай-ақ 2017 ж. Қазақстан жалпы сомасы шамамен бір миллиард АҚШ долларына жететін азық-түлік тауарларын экспорттау саласында 50 сауда келісімін жасасақан Иран нарығы. Қол жеткізілген келісімдер ирандық нарыққа мал шаруашылығы өнімдерін жеткізуді де көздейді.

Бұдан басқа, республика ЕАЭО шеңберіндегі елдердің қажеттілігіне бағдарланатын болады. Мәселен, импорттық етке деген сұранысы жоғары РФ нарығы ең үмітті болып табылады. Сонымен қатар, сиыр етінің негізгі көлемі Ресейге алыс шет елдерден келеді. Етке деген ресейлік сұраныс құрылымында балғын және салқындатылған сиыр еті үздік орынды бастап тұр. Бұл жағдай ресейлік нарықта жоғары сапамен ерекшеленетін және ет қорынан алынатын қазақстандық сиыр етінің қатысуын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Осылайша, жақын елдердегі етке деген сұраныс айтарлықтай жоғары, және де Қазақстан үшін республика көлемінде экспорттық әлеуетті арттыру шараларын қабылдау керек.

Сауда ынтымақтастығының негізгі аспектілерін талдау негізінде Қазақстанның басты экспорттық баптарды жеткізу бойынша ЕАЭО, ТМД елдерімен, Орталық Азия елдерімен, Қытаймен, Орталық Шығыс мемлекеттерімен, әсіресе Ауғанстан және Иранмен ынтымақтастықты белсендендіру қажеттілігін көрсетті.

Еуразиялық кеңістіктегі мемлекетаралық мамандандырылған нарықтар астық, ұн-жарма, ет, бақша, көкөніс өндірісінің қазақстандық тауарларымен ұсынылған. Қазіргі уақытта олар Еуразиялық экономикалық одақтың агроөнеркәсіптік өнімдерінің экспорт ағынында айтарлықтай үлес салмағын иеленеді және ЕАЭО ортақ аграрлық нарығын қалыптастыруға осы тауарлардың қатысуын кеңейту бағытында ықпал етуге мүмкіндік беретін салыстырмалы артықшылығы бар. Қазақстанның ЕАЭО-ға қатысушы елдермен қарым-қатынасында өзара мүдделілік айқын көрсетілген. Осыған байланысты қолданыстағы бағыттар бойынша ынтымақтастықты тереңдету, саудалық өзара әрекеттесудің жаңа нысандарын іздестіру және ынтымақтастық салаларын кеңейтуді болжауға болады.

Қазіргі уақытта Қазақстан ішкі нарықтың азық-түлікке деген қажеттіліктерін өз өндірісі есебінен жабуда үлкен әлеуеті бар. Сонымен қатар, ішкі нарық импортқа, әсіресе күнбағыс майы, ақ қант, ірімшік, шұжық өнімдері сияқты азық-түлік тауарларына тәуелділіктің жоғары болуымен сипатталады.

Қазақстанның ішкі нарығына импорттық өнімдердің негізгі жеткізушілері ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер болып табылады, бұл тығыз интеграциялық үдерістердің әсерінен туындайды. Одан басқа, республиканың ДСҰ-ға мүшелігі жағдайында, республиканы өніммен қамтамасыз етуші алыс шет елдер нарықтарының конъюнктуралары Қазақстанға елеулі әсерін тигізеді, сондай-ақ ТМД мемлекеттері тарапынан тұрақты импорттық тауар ағындары бар.

ЕАЭО мемлекеттерімен өзара әсерін тигізетін аса сезімтал тауарларға күнбағыс майын жатқызуға болады. 2025 жылға бұл өнім импортының болжамы 196,9 мың тоннаны құрайтын болады. Бұл көрсеткіш бойынша отандық тауар өндірушілер ішкі нарықтағы өз орнын сақтап, импорт тәуелділігінің өсуін төмендетенін көруге болады [7].

Сонымен бірге, импорттың жалпы көлемінде ЕАЭО елдерінің үлесі өседі. Негізінен ішкі нарықта бағасы жағынан төмен ресейлік тауар өндірушілерінің өнімдері алыс шет елдерінің нарығынан ығыстыру жүргізілетін болады (кесте 2, б. 33).

Демек, болашақта Қазақстан осы тауарға деген өзінің тұтынушылық сұранысын негізінен ресейлік жеткізілімдер есебінен толықтыратын болады. Сонымен қатар, Ресейден тазартылмаған күнбағыс майын жеткізу көлемі артуы мүмкін, бұл Қазақстанда тазартылмаған (шикі) күнбағыс майын қайта өңдеу бойынша өндірістік қуаттардың артуына әсер етеді.

Кесте 2 – Қазақстандағы ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік импортының болжамдық көлемі, 2025 ж.

Өнім	Импорт, мың теңге
Өсімдік майы	83
Ақ қант	100
Көкөністер	300
Құс еті	120
Сүт өнімдері (сүтке қайта есептегенде)	420
Ет өнімдері	65
Ескертпе – Авторлар мәліметтері бойынша жасалған [5].	

Ендеше, интеграциялық үдерістерді тереңдету жағдайында осы саланың қолда бар әлеуеттік өсім мүмкіндіктері ішкі мәселелермен тежеленеді.

Біріншіден, жиналған өнімді бастапқы өңдеу және сақтау бойынша қуаттардың тапшылығы майлы дақылдар саласы дамуының тежеуші факторы болып табылады және бәсекелестік артықшылықтардың төмендеуіне алып келеді. Мәселен, майлы дақылдар тұқымдарын сақтауға арналған қолданыстағы элеваторлар шаруа қожалықтарынан алыс орналасқан, сондықтан тұқымдарды 300–600 км қашықтыққа тасымалдаудағы көліктік шығындар өнімді тиімсіз етеді. Сонымен қатар, жергілікті кәсіпорындардың сатып алу бағасы шаруаларды қанағаттандырмайды. Нәтижесінде, олар майлы тұқымды аңғұрлым тиімді шарттармен экспортқа сатуды қалайды.

Екіншіден, ауыл шаруашылығы тауаларын өндірушілер мен өңдеу кәсіпорындарымен өзара қарым-қатынасының тиімсіз жүйесі. Мемлекетаралық байланыстар күнбағыс майын өндіру кластерін қалыптастыруға, оның технологиялық тізбегінің өзара байланысы мен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді өңдеу кәсіпорындарымен тікелей кооперациялауды дамытуға мәжбүрлейді.

Елеулі импорт ақ қант бойынша байқалады. Бүгінгі таңда ішкі нарықтағы ақ қант өндірісінің 96%-ы әкелінетін шикізат – құрақ шикізатының негізінде жүзеге асырылады. Соңғы жылдары шикізат импорты да ұлғаю беталысына бұрылды. Тұтыну мен импорттың болжамы ішкі нарықтағы ақ қантқа деген сұраныстың 522,4 мың теңгеге дейін артқанын көрсетеді, бұл жағдай бізге импорттың 100 мың тонна деңгейінде сақталуын болжауға негіз береді.

Қант тұтынуының өсуі кондитерлік өнімдер, тосап, джем, повидло, шоколад сияқты өндірістік қызмет түрлерінде сақталатынын атап өткен жөн. Болашақта бұл тауашаны еуразиялық кеңістік елдерінің импортымен толтыру көзделіп отыр.

Атап айтқанда, Қазақстанның ЕАЭО шеңберінде еркін сауда жасау шартындағы мүшелігі анағұрлым бәсекеге қабілетті Ресей мен Беларусьпен қант-құмының едәуір көлемінің келіп түсуін сақтайды.

Шикізат импорты үшін қолайлы жағдайды.

ЕАЭО шеңберіндегі ең «күрделі мәселелі» позициялар бойынша шегіну шарттарын жасауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, 2019 жылға дейін шикі-қант құрағына қатысты Қазақстан БКТ мөлшерлемесінен өзге кедендік әкелім бажы мөлшерлемесін (0%) қолданды (Еуразия экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық кеңесінің 27.11.2009 жылғы № 18 «Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының Кедендік одағының бірыңғай кеденді-тарифтік реттеу туралы» шешімі).

Бұл беталыс тек 2019 жылдан бастап өзгере бастады. ДСҰ ережелеріне сәйкес, Қазақстан сырттан әкелінетін шикі-қант құрағына деген кедендік баж салығын 5%-ға дейін арттырды. Өз кезегінде бұл жағдай өндірілетін отандық ақ қант құнының өсуіне алып келді және оның ЕАЭО нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін төмендетті, себебі ақ қант бағасы өзіндік құнының 90%-ы сырттан әкелінетін құрақ шикізатының құнына тәуелді.

Сонымен бірге, Қазақстанның ДСҰ шеңберінде барынша қолайлы тәртіптің қабылдануы ақ қант импортының географиясын өзгертуге ықпал етеді, өйткені Ресейдегі ақ қант бағасының төмен болуынан Қазақстан сатып алушыларды сыртқы нарықтардан іздеуге мәжбүр. Импортқа тәуелділіктің екі жақты жағдайы қалыптасады. Бір жағынан, ақ қанттың өзіндік құны құрақ

шикізаты импорт бағасының жоғары болуынан өсірілген болса, екінші жағынан, қазақстандық қанттың ЕАЭО нарығына тәуелділігі төмендейді.

Бірақ, мұндай беталыс 2019 жылдан кейін, Қазақстанның құрақ шикізатына БКТ мөлшерлемесінен өзге кедендік әкелім бажы мөлшерлемесін (0%) қолдану туралы Еуразия экономикалық қоғамдастығының Мемлекетаралық кеңесінің 27.11.2009 жылғы № 18 «Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының Кедендік одағының бірыңғай кеденді-тарифтік реттеу туралы» шешімі күшін жойғаннан кейін және ДСҰ алдындағы мөлшерлемені 5%-ға ұлғайту туралы міндеттемелер күшіне енгізілгенен соң өзгеруі мүмкін [8].

Жалпы ЕАЭО шеңберіндегі интеграциялық байланыстар ішкі нарықтағы ақ қантқа деген қажеттіліктерді жабуды қамтамасыздандыра алады және отандық тауар өндірушілерге, олардың баға бойынша бәсекеге қабілетсіздігіне (шикі-қанттың төмен бағасы сақталса да) қысым жасамайды.

Сонымен қатар, сұраныстың артуы импорт көлемінің өсуіне ықпал етеді, өйткені отандық өндіріс ішкі нарықты ақ қантпен толық қамтамасыз ете алмайды.

Еуразиялық кеңістік шартындағы ілгері интеграциялық үдерістер ЕАЭО елдерінің импорттық тәуелділігін күшейтеді. 2025 жылғы болжам ішкі нарықтық тұтынудың өсуі импорт жеткізілімдеріне деген тәуелділіктің күшеюіне ықпал ететінін көрсетеді.

Нәтижесінде нарықтағы сұраныс өсімінің оң үдерісі отандық өндірістің тиісті өсімімен қатар жүрмейді, яғни ауыл шаруашылығы өнімдерінің отандық ұсыныстырының өсу қарқыны сұраныс өсімінен артта қалып отырады. Нәтижесінде сұраныс импорттық өнім есебінен толықтырылады.

Осылайша, жүргізілген талдау нәтижесінде ҚР аграрлық саласының қазіргі күйі зерттеліп, Қазақстанның ЕАЭО қатысушы елдерімен өзара әрекеттесу тетігінен туындайтын мәселелер анықталғандығын атап өтуге болады. Бұл талдау экономикалық одақтың ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ЕАЭО барлық мемлекеттерінің бірлескен үлесі арқылы бірлестік интеграцияны дамытудағы жаңа бейқалыпты тәсілдерді талап етуші интеграциялық үдерістерді тереңдетуді ескеріп жүргізілді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістікке мүше-мемлекеттердің келісілген (үйлесілген) агроөнеркәсіптік саясатының тұжырымдамасы. [Электрондық ресурс]. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің мемлекет басшылары деңгейіндегі 2013 жылғы 29 мамырдағы № 35 шешімі. – М.: Еуразиялық экономикалық комиссия, 2014. – Қолжеткізу тәртібі: http://www.eurasiancommission.org/ru/Lists/EECDocs/6350559495079_25323.pdf.

2 Ерасылова А.Б. Еуразия экономикалық одақ шеңберінде Қазақстанның ауыл шаруашылығы тауарлары экспортының дамуы. – Еуропа және Орталық Азия елдерінің сауда саясатына шолу. – ПРООН, 2018. – Б. 7–11.

3 Сигарев М.И., Кантуреев М.Т. Қазақстанның экспортқа бағытталған өнімдері және азық-түлік нарығы. – Алматы: ҚР ҰҒА Жаршысы, 2018. – № 6.

4 Қазақстан Республикасындағы сыртқы сауда: статистикалық жинақ. – Астана: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, 2018. – 97 б.

5 Еуразиялық экономикалық одақтың 2030 жылға дейінгі экономикалық дамуының ұзақ мерзімді болжамы. – 2015: http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_makroec_pol/economy-Prognoz/.pdf.

6 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының сапаны қадағалау, инспекция және карантин бас басқармасы арасында Қазақстан Республикасынан Қытай Халық Республикасына бидайдың экспорттық партияларына қойылатын фитосанитарлық талаптар жөніндегі хаттама, Бейжің қ., 17 қараша 2006 ж.

7 Тауарлармен өзара сауда-саттық. Еуразиялық экономикалық одақ статистикасы. – Статистика бюллетені, 2017. – 148 б.

8 Никитина Г.А. ЕАЭО шеңберіндегі интеграциялық үдерістердің Қазақстан Республикасының ауылшаруашылық өндірісінің сезімтал салаларының дамуына әсері // Агрнарық мәселелері. – 2019. – № 3. – Б. 7–17.

Аннотация

Целью данного исследования является выработка основных предложений по развитию совместной интеграционной политики стран-членов ЕАЭС в агропромышленном комплексе. Проведен анализ состояния сельскохозяйственного производства по товарам, имеющим высокий уровень конкуренции, а также даны рекомендации и разработан механизм согласованной экспортной политики по сельскохозяйственным товарам, имеющим высокий уровень конкуренции на товарном рынке. В статье авторами для оптимизации экспортных потоков проведена собственная оценка экспортного потенциала стран-членов ЕАЭС в соответствии с классификатором основных товарных позиций. Несмотря на то, что ЕАЭС действует уже 5 лет, между участниками интеграции существует ряд проблем, решение которых требует достаточно длительного времени. Основные противоречия между странами-участниками союза складываются из-за экономической целесообразности, которая стала частью политической составляющей. По мнению авторов, научное обоснование интеграционных процессов станет стимулом для снятия барьеров во взаимной торговле и иных сферах экономического сотрудничества, приведет к технологической модернизации сельского хозяйства стран ЕАЭС, повысит доходность сельхозпроизводителей, даст мощный импульс развитию социальной сферы села и обеспечит продовольственную безопасность всем участникам союза.

Ключевые слова: интеграционный процесс, экспортный потенциал, агропромышленный комплекс, сельскохозяйственная продукция, конкуренция, взаимная торговля, продовольственная безопасность, социальная сфера.

Abstract

The purpose of this research is to develop the main proposals for the development of the EAEU member states joint integration policy in the agro-industrial complex. The analysis of the agricultural production state for goods with a high level of competition as well as recommendations are made and the mechanism for coordinated export policy for agricultural goods with a high level of competition in the goods market is developed. In the article the authors made their own assessment of the EAEU member countries export potential in accordance with the main commodity items classifier to optimize export flows. Despite the fact that the EAEU has existed for 5 years, there are a number of problems between the integration participants, the solution of which requires a fairly long time. The main contradictions between the union member countries are due to economic feasibility, which has become part of the political component. According to the authors, the scientific justification of the integration processes will stimulate the removal of barriers in mutual trade and other economic cooperation areas, lead to technological modernization of agriculture in the EAEU countries, increase the profitability of agricultural producers, give a powerful impetus to the development of the social services in rural areas and ensure food security for all members of the Union.

Key words: integration process, export potential, agro-industrial complex, agricultural products, competition, mutual trade, food security, social sphere.